

**Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 21 сәуірдегі № 30 шешіміне өзгерістер енгізу және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының кейбір шешімдерінің күші жойылған деп тану туралы**

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 2 маусымдағы № 57 шешімі.

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 46-бабына және Үшінші елдерге қатысты тарифтік емес реттеу шаралары туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 7 қосымша) 4 және 37-тармақтарына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы шешті:

1. № 1 қосымшаға сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Тарифтік емес реттеу шаралары туралы" 2015 жылғы 21 сәуірдегі № 30 шешіміне өзгерістер енгізілсін.

2. № 2 қосымшаға сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия  
Алқасының Төрағасы*

*Т. Саркисян*

Еуразиялық экономикалық  
комиссия Алқасының  
2016 жылғы 2 маусымдағы  
№ 57 шешіміне  
№ 1 ҚОСЫМША

**Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 21 сәуірдегі № 30 шешіміне енгізілетін ӨЗГЕРІСТЕР**

1. 3-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"№ 19 қосымшаға сәйкес, Еуразиялық экономикалық одақтың кеден аумағына есірткі және психотропты заттардың прекурсорлары болып табылмайтын улы заттарды әкелу туралы ереже."

2. 5-тармақта "№ 19 қосымша" сөздері "№ 20 қосымша" сөздерімен ауыстырылсын.

3. Көрсетілген Шешімнің № 2 қосымшасы 2.12-бөлімнен кейін мынадай мазмұндағы 2.13-бөліммен толықтырылсын:

**"2.13. Есірткі және психотропты заттардың прекурсорлары болып табылмайтын улы заттар**

1. Аконит	1211 90 850 9
2. Аконитин	2939 99 000 0
3. Амизил	2922 19 850 0
4. Ацеклидин	2933 39 990 0
5. Цианидті барий	2837 19 000 0
6. Бруцин	2939 99 000 0
7. Гиосциамин основаниенегізі	2939 99 000 0
8. Гиосциамин камфорат	2939 99 000 0
9. Гиосциамин сульфат	2939 99 000 0
10. Глифтор	2905 59
11. Цианидті кадмий	2837 19 000 0
12. Цианидті кальций	2837 19 000 0
13. Карбахолин	2924 19 000 0
14. Меркаптофос	2930 90 990 0
15. Метил спирті (метанол)	2905 11 000 0
16. Күшән	2804 80 000 0
17. Күшәнді ангидрид	2811 29 100 0
18. Күшәнді ангидрид	2811 29 900 0
19. Натрий арсенаты	2842 90 800 0
20. Никотин	2939 99 000 0
21. Новарсенол	2931 90 900 9
22. Промеран	2852 90 000 7
23. Металды сынап	2805 40 100 0 2805 40 900 0
24. Сынап дийодиді	2852 10 000 8
25. Сынап дихлориді	2852 10 000 8
26. Сынап оксицианиді	2852 10 000 8
27. Сынап салицилаты	2852 10 000 8
28. Сынап цианиді	2852 10 000 8
29. Цианидті күміс	2843 29 000 0
30. Скополамина гидробромид	2939 99 000 0
31. Стрихнин нитрат	2939 99 000 0
32. Итжидек алкалоидтарының сомасы	2939 99 000 0
33. Өңделмеген таллий	8112 51 000 0
34. Тетракарбонил никель	2931 90 900 9
35. Тетраэтилсвинец	2931 10 000 0
36. Тетраметилсвинец	2931 10 000 0
37. Жоңғар акониканың балғын шөбі	1211 90 850 9
38. Фенол	2907 11 000 0
39. Мырыш фосфиді	2848 00 000 0
40. Сары фосфор	2804 70 001 0
41. Күміс фториді	2843 29 000 0

42. О-хлорбензилиденмалонодинитрил *	2926 90 950 0
43. Цианидті мырыш	2837 19 000 0
44. Цинхонин	2939 20 000 0
45. Чилибуха экстракті	1302 19 800 0
46. Этилмеркурфосфат	2852 10 000 8
47. Этилмеркурхлорид	2852 10 000 8
48. Жылан уы	3001 90 980 0
49. Тазартылған араның уы	3001 90 980 0
50. Натрий цианиді *	2837 11 000 0
51. Калий цианиді*	2837 19 000 0
52. Мыс цианидтері	2837 19 000 0

\*Еуразиялық экономикалық одақтың көрсетілген тауарларды тағайындаған мемлекеті болып табылатын мүше мемлекетінің экспорттық бақылау жүйесімен бақыланатын улы заттарды қоспағанда.

Бөлімге ескеру.	Осы бөлімнің мақсаттары үшін ЕАЭО СЭҚ ТН кодын да, тауар атауын да (физикалық және химиялық сипаттамаларымен) басшылыққа алу қажет."
-----------------	--

4. Осы Шешімнің № 19 қосымшасында нөмірленген тақырыпта "19" саны "20" санына ауыстырылсын.

5. Мынадай мазмұндағы № 19 қосымшамен толықтырылсын:

Еуразиялық экономикалық  
комиссия Алқасының  
2016 жылғы 21 сәуірдегі  
№ 30 шешіміне  
№ 19 ҚОСЫМША

## **Еуразиялық экономикалық одақтың кеден аумағына есірткі және психотроптық заттардың прекурсорлары болып табылмайтын улы заттарды әкелу туралы ЕРЕЖЕ**

### **I. Жалпы ережелер**

1. Осы Ереже Еуразиялық экономикалық одақтың кеден аумағына Үшінші елдерге қатысты тарифтік емес реттеу шаралары туралы хаттамада (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың № 7 қосымшасы) көзделген үшінші елдермен саудада тарифтік емес реттеу шаралары қолданылатын тауарлардың бірыңғай тізбесінің 2.13-бөліміне енгізілген есірткі және психотроптық заттардың прекурсорлары болып табылмайтын улы заттарды (бұдан әрі – улы заттар) әкелу тәртібін белгілейді.

Осы Ереже құрамында улы заттары бар тауарларды әкелу кезінде қолданылмайды.

2. Осы Ережеде пайдаланылатын ұғымдар Үшінші елдерге қатысты тарифтік емес реттеу шаралары туралы хаттамада (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық

экономикалық одақ туралы шарттың № 7 қосымшасы) және Одақ құқығына кіретін халықаралық шарттарда белгіленген мәндерде қолданылады.

3. Улы заттарды әкелу осы Ереженің 9-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2014 жылғы 6 қарашадағы № 199 шешімімен бекітілген Жекелеген тауар түрлерінің экспортына және (немесе) импортына лицензия беруге өтінішті рәсімдеу туралы және мұндай лицензияны рәсімдеу туралы нұсқаулыққа (бұдан әрі – лицензия) сәйкес рәсімделген лицензия немесе Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2012 жылғы 16 мамырдағы № 45 шешімімен бекітілген нысан бойынша құрылған қорытынды (рұқсат беру құжаты) болған кезде жүзеге асырылады.

Лицензия немесесе қорытынды (рұқсат беру құжаты) улы заттар Одақтың кеден аумағына келіп жеткен кезде Одаққа мүше мемлекеттің (бұдан әрі – мүше мемлекет) кеден органына ұсынылады.

4. Жеке тұлғалардың улы заттарды жеке пайдалануға арналған тауар ретінде әкелуіне тыйым салынады.

## **II. Кедендік рәсімге орналастыру**

5. Улы заттарды ішкі тұтыну үшін шығару кедендік рәсіміне орналастыру, осы Ереженің 6-тармағында көрсетілген жағдайды қоспағанда, мүше мемлекеттің кеден органына лицензия ұсынылған жағдайда жүзеге асырылады.

6. Тіркеу және ғылыми зерттеулер, сараптамалар, сынақтар жүргізу мақсатында және өзге де мақсаттарда әкелінетін үлгілер болып табылатын улы заттарды ішкі тұтыну үшін шығару кедендік рәсіміне орналастыру мүше мемлекеттің кеден органына қорытынды (рұқсат беру құжаты) ұсынылған жағдайда жүзеге асырылады.

7. Улы заттарды еркін кедендік аймақтың, бос қойманың, кеден аумағында өңдеу, ішкі тұтыну, реимпорт үшін өңдеу кедендік рәсіміне, сондай-ақ Одақтың кеден аумағына келіп жеткен жердегі кеден органынан Одақтың кеден аумағынан шығарылған жердегі кеден органына дейін тасымалдау үшін кедендік транзиттің кедендік рәсіміне орналастыру мүше мемлекеттің кеден органына қорытынды (рұқсат беру құжаты) ұсынылған жағдайда жүзеге асырылады.

8. Улы заттарды Одақтың кеден аумағына келіп жеткен жердегі кеден органынан ішкі кеден органына дейін тасымалдау үшін кедендік транзиттің кедендік рәсіміне орналастыру улы заттарды өзге де кедендік рәсімдерге орналастыру үшін ұсынылған лицензия немесе қорытынды (рұқсат беру құжаты) болған жағдайда жүзеге асырылады.

9. Улы заттарды кедендік жою рәсіміне орналастыру мүше мемлекеттің кеден органына лицензия немесе қорытынды (рұқсат беру құжаты) ұсынылмай жүзеге асырылады.

10. Улы заттарды уақытша әкелу (рұқсат ету), кедендік қойма, бажсыз сауда, мемлекет пайдасына бас тарту кедендік рәсімдеріне орналастыруға жол берілмейді.

### **III. Лицензиялар беру**

11. Лицензияларды рәсімдеу үшін заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкер ретінде тіркелген жеке тұлғалар (бұдан әрі – өтініш берушілер) аумағында өтініш беруші тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органына Тауарларды экспорттауға және (немесе ) импорттауға лицензиялар және рұқсат беру қағидаларының (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың № 7 қосымшасына қосымша) (бұдан әрі – Қағида) 10-тармағының 1 – 5-тармақшаларында көрсетілген құжаттар мен мәліметтерді, сондай-ақ Қағиданың 10-тармағының 6-тармақшасына сәйкес мынадай құжаттарды ұсынады:

а) егер бұл мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген болса, улы заттарды сақтауға және тасымалдауға байланысты қызметті жүзеге асыру құқығына құжаттардың көшірмелері;

б) мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген улы заттың сипаттамасын қамтитын құжат;

в) егер бұл мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген болса, сақтандыруды растайтын құжаттың көшірмесі.

12. Өтініш беруші ұсынатын құжаттардың көшірмелері Қағиданың 11-тармағында белгіленген тәртіпте куәландырылған болуы тиіс.

13. Егер мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес лицензия беру туралы шешімді уәкілетті орган осы мүше мемлекеттің басқа мемлекеттік билік органының (бұдан әрі – келісетін орган) келісімі бойынша қабылдайтын жағдайда, мұндай келісім осы мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген тәртіпте жүзеге асырылады.

Өтініш беруші, егер бұл мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген болса, келісетін органға осы Ереженің 11-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынады. Бұл ретте уәкілетті органға осы Ереженің 11-тармағының "а" - "в" тармақшаларында көрсетілген құжаттар ұсынылмайды.

Келісу қорытынды (рұқсат беру құжаты) беру арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

14. Лицензия беруден Қағиданың 14-тармағының 1 – 4-тармақтарында көзделген негіздер болған жағдайда, сондай-ақ Қағиданың 14-тармағының 6-тармақшасына сәйкес – келісетін орган лицензия беруге өтінішті келісуден бас тартқан жағдайда бас тартылады.

### **IV. Қорытынды (рұқсат беру құжатын) беру**

15. Қорытынды (рұқсат беру құжатын) беруді мүше мемлекеттің қорытынды ( рұқсат беру құжатын) беруге уәкілетті органы осы мемлекеттің заңнамасында белгіленген тәртіпте жүзеге асырады.

16. Қорытынды (рұқсат беру құжаты) өтініш беруші мүше мемлекеттің қорытынды (рұқсат беру құжатын) беруге уәкілетті органына мынадай құжаттарды ұсынған жағдайда беріледі:

а) егер бұл мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген болса, улы заттардың айналымына байланысты қызметті жүзеге асыру құқығына құжаттың көшірмесі;

б) Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2012 жылғы 16 мамырдағы № 45 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық қоғамдастық шеңберінде үшінші елдермен саудада әкелуге немесе әкетуге Кеден одағына мүше мемлекеттермен тыйымдар немесе шектеулер қолданылатын тауарлардың бірыңғай тізбесіне енгізілген жекелеген тауарларды әкелуге, әкетуге және транзитіне қорытындының (рұқсат беру құжатының) бірыңғай нысанын толтыру бойынша әдістемелік көрсеткіштерге сәйкес рәсімделген қорытындының (рұқсат беру құжатының) жобасы;

в) шарттың (келісімшарттың) көшірмесі, ал шарт (келісімшарт) болмаған жағдайда – тараптардың ниеттерін растайтын өзге құжаттың көшірмесі;

г) егер бұл мүше мемлекеттің заңнамасымен көзделген болса, улы заттарды сақтауға және тасымалдауға байланысты қызметті жүзеге асыру құқығына құжаттың көшірмесі;

д) мүше мемлекеттің заңнамасымен көзделген улы заттың сипаттамасын қамтитын құжат;

е) егер бұл мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген болса, сақтандыруды растайтын құжаттың көшірмесі;

ж) мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген өзге де құжаттар.

17. Қорытынды (рұқсат беру құжатын) беруден мынадай негіздер болған жағдайда бас тартылады:

а) өтініш берушінің осы Ереженің 16-тармағында көзделген құжаттарды ұсынбауы;

б) қорытынды (рұқсат беру құжатын) алу үшін ұсынылған құжаттарда толық емес немесе қает мәліметтердің болуы;

в) соның ішінде оның халықаралық міндеттемелерін іске асыру мақсаттарында мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген өзге де негіздер."

Еуразиялық экономикалық  
комиссия Алқасының  
2016 жылғы 2 маусымдағы  
№ 57 шешіміне  
№ 2 ҚОСЫМША

## **Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының күші жойылды деп танылған шешімдерінің ТІЗБЕСІ**

1. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Тарифтік емес реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілер туралы" 2012 жылғы 16 тамыздағы № 134 шешімінде:

а) көрсетілген Шешіммен бекітілген Еуразиялық экономикалық қоғамдастық шеңберінде үшінші елдермен саудада әкелуге немесе әкетуге Кеден одағына мүше мемлекеттермен тыйымдар немесе шектеулер қолданылатын тауарлардың бірыңғай тізбесінің 2.13-бөлімі;

б) осы Шешіммен бекітілген Шектеулерді қолдану туралы ережелердің Кеден одағының кеден аумағына есірткі және психотропты заттардың прекурсорлары болып табылмайтын улы заттарды әкелу, әкету және транзит тәртібі туралы ереже.

2. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Тарифтік емес реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілер туралы" 2012 жылғы 16 тамыздағы № 134 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" 2012 жылғы 2 қазандағы № 177 шешімі.

3. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Кеден одағы Комиссиясының және Еуразиялық экономикалық комиссияның жекелеген шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы және Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесі шешімінің жобасын мақұлдау туралы" 2013 жылғы 25 маусымдағы № 140 шешімінің 11-тармағының "г" тармақшасы.

4. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Кеден одағының сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай Тауар номенклатурасына және Кедендік одақтың Бірыңғай кедендік тарифіне қызылмия тамырына қатысты және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2012 жылғы 16 тамыздағы № 134 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" 2013 жылғы 17 желтоқсандағы № 300 шешімінің 2-тармағының "б" тармақшасы.